

Сабақтың тақырыбы:

Біртұтас халық жасағының
ұйымдастырылуы.

П-3-414-18 беттер.

Зерттеу сұрағы:

- Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?
- Сабақтың мақсаты:
- Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау
- Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөлі

Тірек сөздер

- Халық жасағы
- Алаш
- Қарақұм құрылтайы
- Ордабасы құрылтайы
- Сардар

Халық жасағы

- Халық жасағы құрылды. Жасақ ру-тайпалық негізде ұйымдастырылды. Хан мен сұлтандар төлеңгіттерден тұратын шағын қарулы сарбаз ұстады. Әрбір ер кісі жауынгер болуға міндетті болды. Хан әскери жасаққа басшылық етті. (Дерек. Я. Гавердовский жазбасын оқып шық)
- Ұран-әрбір жасақта болды. Бұл жауынгерлерге рұх берді. Арғы ата-бабасындағы қасиетті саналатын адамның есімімен байланысты болды. (Алаш)
- Батыр атағы қан майданда ерлік ісімен көзге түскендерге берілді. Батыр атағын алған хандар да болды (18-19 ғасырларда Әбілқайыр, Абылай, Кенесары) Жоңғар шапқыншылығы кезінде жауға қарсы күрескен батырлар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Наурызбай, Малайсары, Олжабай, Тайлақ, Байымбет т.б. Ерлігімен танылған батырлар Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлену құрметіне ие болған.

Халық жасағының қару-жарағы мен жауынгерлік қабілеті

- Қоян –қолтық(жақын) ұрыстарда қолданды-жебелі садақ, қылыш, селебе, сапы. Найза, сүңгі. Шоқпар, гүрзі, айбалта.
- Қазақ жасағы түгел атты әскерден тұрды. Далалықтарға шыдамдылық, төзімділік, батылдық пен ержүректілік тән қасиет болды.
- Деректерді қарап шық.(Ф.Назаров. Д. Флэтчер)

Жауға соққы беруді ұйымдастыру

- 1710жыл Қарұқмда қазақ ақсүйектерінің құрылтайы шақырылды.
- Құрылтайда Бөгенбай батыр бастаған бүкілхалықтық жасақ құру туралы шешім қабылданды.
- 1723жылы Әбілқайыр хан 20мың жауынгер жасақты бастап жоңғарлардың қандасы Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы бірнеше жеңісті жорық жасады.
- 1724жылы көктемінде Түркістан қаласына тікелей шабуыл жасау арқылы қаланы азат етеді. Бір жылдан кейін жаудың қысымы күшейіп қаланы тастап шығады. Әбілқайыр хан құрамында 50мың жауынгері бар бірлескен қазақ-қарақалпақ әскерінің қолбасшысы болды. Осы кезде ханның ұйымдастырушылық таланты, әскери қолбасшы ретіндегі қабілеті, қанмандығы танылды.
- 1726ж. күзінде Ордабасыда (Шымкент қаласының батыс жағы) Бүкілқазақтық құрылтай өткізілді. Құрылтай шешімімен Әбілқайыр хан-бүкілқазақтық әскери жасақтың бас қолбасшысы болды. Бір –біріне адал болуға ант берді, жоңғарларға қарсы бірігіп күресу, әрбір ру өз жауынгерлік жасақтарын құру, барлығына бүкілқазақтық жасаққа қосылу міндетті болды.

Тапсырма

- Сұрақтар мен жұмыс.
- 1.Халық жасағы қалай ұйымдастырылды?Кім басқарды?Жауынгерлерге тән қандай қасиеттер болды?
- 2.Ұран не үшін қолданды? Қандай ұрандарды білесің?
- 3.Батыр атағын алған хандарды ата?. Жоңғарларға қарсы күресте шайқасқан батырлар кімдер?
- Қазақ жасқтарының қандай қарулары болды?
- 2.Деректерді дәптерге түсір.

Тапсырма

Салыстыру сұрақтары	Қарақұм	Ордабасы
Орналасқан жері		
Қабылданған шешімдер		
Нәтижесі		